## ҚАЛАЛАР МЕН ӨҢІРЛЕР

**1.** Пиреней жартылай аралындағы ең ұзын өзен.
А) Гвадалквивир В) Эбро С) Тахо

**2.** Валенсия қаласының символы болып табылатын жануар.
А) жарғанат В) арыстан С) аю




**3.** Мына суретте берілген Сеговиядағы құрылыс нысаны 2 000 жылға жуық уақыт бұрын салынған және ЮНЕСКОның әлемдік мұра ескерткіштері тізіміне енгізілген. Не жайында сөз болып отыр?
А) Алькасар
В) Шынжырлар үйі
С) Акведук




**4.** Мына суреттегі 130 жылдан бері салынып жатқан христиандық ғибадатхананың құрылысы испанияның қай қаласында орналасқан?
А) Мадрид В) Барселона С) Лиссабон




**5.** Мына суреттегі қалада XY-XIX ғасырларда португалдық монархтардың жазғы резиденциясы болған сарай бар. Бұл қай қала?
А) Синтра В) Брага С) Порту




**6.** Мына суреттегі II Филипп тұсында салынған испан корольдерінің резиденциясы қалай аталады?
А) Прадо В) Эскориал С) Буэнависта

**7.** Атауы «қызыл қамал» деп аударылатын архитектуралық ансамбль қай қалада?
А) Мадрид В) Толедо С) Гранада

**8.** Көктегі қорғаушысы Рафаил жебірейіл, сондай-ақ «екінші Бағдад» ретінде белгілі қала.
А) Барселона В) Кордова С) Мадрид




**9.** Мына суреттегі алькасар қай қалада орналасқан? Қазір ол әскери мұражай болып тұр.
А) Севилья В) Толедо С) Мадрид




**10.** Мына суреттегі Әулие Иаков қуат алған орында салынған собор қай қалада орналасқан?
А) Таррагона
В) Гранада
С) Сантьяго-де-Компостела




**11.** Мына суреттегі итальяндық сәулетші Н.Назони салған шіркеудің мұнарасы Португалиядағы ең биігі болып табылады. Бұл қандай шіркеу?
А) Әулие Антоний шіркеуі
В) Әулие Рох шіркеуі
С) Клеригуш

**12.** Испаниядағы жол қашықтықтарын есептегенде бастау алатын нөлдік нүкте Мадридтің қай алаңында орналасқан?
А) Пуэрта-дель-Соль В) Майор С) Сибелес




**13.** Мына суреттегі Мадридтің орталығында орналасқан ғимарат Испанияның пошта қызметі үшін салынған. Ал қазір қалай аталады?
А) Буэнависта сарайы
В) Линарес сарайы
С) Сибелес сарайы

**14.** Каталонияның жебеушісі Қара арудың ағаш мүсіні қай монастырьде сақтаулы?
А) Лейре В) Монсеррат С) Эскориал

**15.** Құлпынай ағашының діңіне сүйеніп тұрған аю Испанияның қай қаласының гербінде бейнеленген?
А) Севилья В) Мадрид С) Малага

## ӨНЕР

**16.** Х.Р.Хименестің «Платеро және мен» цикліндегі басты кейіпкер болған жанувар.
А) ит В) есек С) жылқы




**17.** Мына суреттегі мұражай келушілерге 1819 жылы 19 қарашада ашылған. Бұл қандай мұражай?
А) Тиссен-Борнемис мұражайы
В) Прадо ұлттық мұражайы
С) Королева Софияның өнер орталығы

**18.** М.Сервантестің шығармасындағы Дон Кихоттың қаруын таситын кім?
А) Хуан Саногера В) Перо Перес С) Санчо Панса

**19.** М.Сервантестің романының кейіпкері Дон Кихот атына қандай ат қойды?
А) Буцефал В) Бабьека С) Росинант

**20.** Жабырқаған Дон Кихотқа жел диірмендері кім боп елестеді?
А) Алыптар В) Батырлар
С) Император Алифанфаронның әскері

**21.** «Менің Сидім туралы жыр» атты эпикалық шығарманың басты кейіпкері кімдермен соғысты?
А) маврлармен В) франктермен С) римдіктермен

**22.** «Алтын жұлдызша» ертегісінде зұлым патшайымның қызының маңдайына аспаннан не құлап түседі?
А) найзағайлы қара бұлт В) тікенді қараеріктің бұтағы
С) есектің құйрығы

**23.** «Ешкі бағушы Хуан» ертегісінде ешкілерді кім ұрлап кетеді?
А) қаңғыбастар В) монахтар С) қарақшылар

**24.** «Дала тышқаны мен қала тышқаны» атты испан халық ертегісінде дала тышқаны тәтті тағам ретінде нені таңдайды?
А) қатып қалған нанды В) шалғындық шөпті
С) кеуіп қалған ірімшікті

**25.** Аңыз бойынша, Барселуш қаласында айыпталушының кінәсіздігін білдіріп соттың үстелінде тіріліп кеткен қуырылған қандай құс еді?
А) қаз В) әтеш С) үйрек




**26.** Мына суреттегі Еуропадағы ең үлкен готикалық собор болып саналатын ғибадатхана қай қалада орналасқан?
А) Барселона В) Севилья С) Гранада




**27.** Мына суреттің авторының мұражайлары Малагада және Барселонада бар. Бұл қай суретші?
А) Ж.Миро В) П.Пикассо С) С.Дали




**28.** Испандық ұлы суретшінің мына суретінде қандай музыкалық аспап бейнеленген?
А) виолончель
В) скрипка
С) гитара

**29.** Отаны Арагон боп саналатын испан халық биі.
А) малагенья В) сардана С) хота

**30.** Л.Камоэнстің «Лузиадалар» поэмасы қандай теңізшінің саяхатына арналған?
А) Х.Колумб В) Васко да Гама С) Ф.Магеллан

## ТАРИХ

**31.** Испанияның оңтүстік-шығысындағы Картахена қаласының негізін кімдер қалаған?
А) римдіктер В) карфагендіктер С) гректер

**32.** Қай римдік қолбасшы жаулап алғаннан кейін Испания екі провинцияға бөлініп кетті?
А) Октавиан Август В) Гай Юлий Цезарь
С) Публий Корнелий Сципион

**33.** Реконкиста дегеніміз Пиреней жартылай аралын кімдерден азат ету болып табылады?
А) римдіктерден В) маврлардан С) Наполеонның әскерінен

**34.** Португалиядағы Реконкиста қашан аяқталды?
А) XI ғасырда В) XY ғасырда С) XIII ғасырда

**35.** Папа YI Александрдың король Арагондық II Фердинанд пен королева Кастилиялық I Изабеллаға берген атағы.
А) Әулие корольдар В) Дінді қорғаушылар
С) Католиктік корольдер

**36.** Ацтектер империясын жеңген және Мексиканы басып алған испандық конкистадор кім?
А) Ф.Писарро В) Васко да Гама С) Э.Кортес

**37.** Португалдық теңізшілер ашқан жерлеріне орнатқан тас бағандар қалай аталды?

А) падран В) хунта С) сельва

**38.** 1099 жылы қай қаланы қорғаған кезде атақты батыр Сид Кампеадор қаза табады?
А) Барселона В) Таррагона С) Валенсия

**39.** Испания королі II Филипптің әйелі болған ағылшын королевасы кім?
А) I Мария Стюарт В) I Елизавета Тюдор С) I Мария Тюдор

**40.** 1755 жылы Барша әулиелер күні жер сілкінісінен толықтай қираған қала.
А) Лиссабон В) Мадрид С) Барселона

**41.** XIX ғасырдың басында Испания мен Португалия қандай соғысқа қатысты?
А) Карлист соғыстары В) Пуни соғыстары
С) Пиреней соғыстары

**42.** Испаниядағы алғашқы темір жол қандай екі қаланың арасына салынды?
А) Мадрид пен Севилья В) Барселона мен Мадрид
С) Барселона мен Матаро

**43.** 1898 жылы испан-американдық соғыс нәтижесінде Испания неден айырылып қалды?
А) Гибралтар В) Куба мен Филиппин С) Батыс Сахара

**44.** Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Испания кімдермен болды?
А) Германиямен одақтас В) бейтарап ел болды
С) антигитлерлік коалицияның одақтасы

**45.** Король I Хуан Карлос қай әулеттің өкілі?
А) Габсбургтер әулетінің В) Бурбондықтар әулетінің
С) Савоялықтар әулетінің

## КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТ

**46.** Испаниядағы дәстүрлі ойын – адамның бұқамен шайқасы қалай аталады?
А) родео В) энсьерро С) коррида

**47.** Толедо қаласы қандай қорытпадан жасалған бұйымдармен әлемге танымал болды?
А) жез В) қола С) болат

**48.** Аударғанда «таба» деген мағына беретін латынша «patella» деген сөзден шыққан испан тағамының атауы.
А) олья подрида В) паэлья С) эмпанада

**49.** Испанияда және басқа да ыстық елдерде түстен кейінгі демалысты қалай атайды?
А) фиеста В) конкиста С) сиеста

**50.** Испанияда әрі би, әрі ұлттық киім элементін қалай атайды?
А) фигаро В) болеро С) сомбреро

3-4 СЫНЫПТАР

**51.** 1882 жылы Барселонада қай мерекеде Әулие Отбасылар ғибадатханасының алғашқы іргетасы қаланды?
А) Әулие Иосиф күні В) Әулие Иаков күні С) Әулие Хуан күні


52

**52.** Мына суреттегі Барселонадағы Гуэля саябағында орналасқан ғимарат басында саябақ қарауылшысына арналған үй ретінде жобаланған. Бұл қандай ғимарат?
А) Қарауылшы үйі В) Гауди үй-мұражайы
С) Мила үйі

53

**53.** Қандай испан суретшісі жасаған мына сурет берілген ораманың арқасында таяқшадағы кәмпит әлемге танылды?
А) С.Дали В) Ф.Гойя С) П.Пикассо

**54.** Пиреней жартылай аралындағы британдықтардың теңіздің арғы жағындағы аймағы.
А) Андорра В) Гибралтар С) Наварра


55

**55.** Мына суретте Еуропадағы ең ұзын көпірлердің бірі берілген. Оның ұзындығы 17,2 км. Осы көпірді ата.
А) Алькантар көпірі В) Ранде көпірі
С) Васко да Гама көпірі


56

**56.** Мына суреттегі 1929 жылы Барселонада өткен Дүниежүзілік көрмеге орай салынған субұрқақты ата.
А) Сибелес субұрқағы В) Каналетес субұрқағы
С) Монжуик сиқырлы субұрқағы

**57.** Каталониядағы фестивальдар кезінде адамдардан тұрғызылған конструкциялар қалай аталды?
А) тоурадалар В) корридалар С) кастелдер

**58.** Қағаздан қатты тығыздалып жасалған бұйымнан (папье-машеден) жасалған үлкен қуыршақ-пішіндерді жағу қандай испандық мерекенің шарықтау шегі болатын?
А) Ла Виханер В) Волхв-патшалардың кавалькадасы С) Фальяс

**59.** Гиннес рекордтар кітабына сәйкес, әлемдегі ең көне кітап дүкені қай қалада орналасқан?
А) Лиссабон В) Мадрид С) Барселона


60

**60.** Мына суреттегі қалада Л.Компаниса атындағы стадион бар, онда 1992 жылы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты өтті. Бұл қай қала?
А) Барселона
В) Мадрид
С) Валенсия


РЕСЕЙ БІЛІМ БЕРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
СОЛТҮСТІК-БАТЫС БӨЛІМШЕСІ
НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
«НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШҚ


**ӘЛЕМДІК КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ БОЙЫНША ОЙЫН САЙЫСЫ**

# АЛТЫН ЖАБАҒЫ



3-4 СЫНЫПТАР

# IBERIA PAENINSULA:

**«ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ ДАЛАЛАРДАН ШЕКСІЗ ТЕҢІЗДЕРГЕ ДЕЙІН»**

## 21-24 АҚПАН 2014

Сайыс Пиреней жартылай аралын қоныстанған халықтардың тарихы мен мәдениетіне арналады.

Сұраққа жауап беру үшін ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдау қажет. Жауаптар бланкін толтырғанда мұқият әрі ұқыпты болыңыз. Қандай да бір түзетулер немесе бүлдіріп алулар ақпаратты қате тануға әкеліп соқтырады.

Толтырылған жауап парағын сайысты ұйымдастырушыға дүйсенбі 2014 жылғы 24 ақпанда тапсыру қажет. Дұрыс жауаптары 2014 жылдың наурыз айында www.runodog.ru. сайтында жарияланады.

**Сәттілік тілейміз!**